



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2019 жылғы 10 желтоқсаны

№ 13

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеулер жүргізу бойынша әдістемені бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеулер жүргізу бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Әлеуметтік және демографиялық статистика басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Н.Ж. Көшкімбаев) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Н. Айдапкелов

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет)

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 13.12.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство национальной экономики РК - Руководитель Баглан Дуйсебаевна Кабулова, 04.11.2019 16:20:02, положительный результат проверки ЭЦП
Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) - Председатель Алик Жаткамбаевич Шпекбаев, 12.11.2019 18:14:19, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство внутренних дел РК - Министр внутренних дел Республики Казахстан Ерлан Заманбекович Тургумбаев, 13.11.2019 16:18:31, положительный результат проверки ЭЦП
Генеральная прокуратура РК - первый заместитель Генерального Прокурора Берік Ноғайұлы Асыллов, 15.11.2019 11:18:37, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство финансов РК - вице-министр Канат Ескендирович Баедилов, 26.11.2019 15:12:35, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 09.12.2019 11:44:25, положительный результат проверки ЭЦП
Результаты подписания
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті - Н. Айдапкелов, 10.12.2019 12:35:14, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2019 жылғы «10» желтоқсан
№13 бұйрығымен бекітілген

Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеулер жүргізу бойынша әдістеме (бұдан әрі - Әдістеме) халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес қалыптасатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (бұдан әрі - Комитет) және оның аумақтық органдары халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеуді жоспарлауы және ұйымдастыруы кезінде қолданады.

3. Осы Әдістеменің мақсаты халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі туралы репрезентативті деректерді алу, өздерінің қауіпсіздігін қабылдау және қылмыс деңгейін субъективті бағалау, құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алу болып табылады.

4. Әдістемеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) бас жиынтық – сипаттамалары бағалауға жататын талдаудың барлық бірліктерінің толық тобы;

2) репрезентативтілік – іріктеме сипаттамаларының популяция немесе бас жиынтықтың сипаттамаларына сәйкес келуі;

3) страта – бірдей немесе ұқсас көрсеткіштерге ие бірліктерді (респонденттер) арнайы қабаттарға бөлу;

4) супервайзер – үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізуді қамтамасыз ететін және интервьюерлер жұмысын бақылауды жүзеге асыратын Комитеттің аумақтық органының қызметкері;

5) іріктеме – статистикалық деректерді жинау және өңдеу кезінде пайдаланылатын бекітілген жіктеуіштер, номенклатуралар мен анықтамалықтардан алынатын жеке позициялар;

6) іріктемелі жиынтық – іріктеу процесінде іріктемеге түскен, іріктелген элементтердің жиынтығы;

7) іріктеменің көлемі – іріктемелі жиынтықтағы байқау бірліктерінің жалпы саны.

2-тарау. Бас жиынтықты және іріктеме негізін айқындау

5. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті «Тұрғын үй қоры статистикалық тіркелімі» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ТҚСТ) үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін дереккөз болып табылады.

6. Бас жиынтыққа ортақ коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктерде тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типтерінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді.

7. Сондай-ақ зерттеу бірлігі де болып табылатын іріктеудің түпкілікті бірлігі ретінде үй шаруашылығы (тұрғын үй-жайларда тұратын) анықталды.

8. Іріктеме көлемі шығынның және қойылған нәтижелердің дәлдігі өлшемшарттарының ұтымды үйлесімі қағидатының негізінде айқындалады. Іріктемелі байқауды ұйымдастыру кезінде іріктеменің көлемі ең алдымен іріктеме қатесінің көлеміне байланысты. Іріктеменің көлемін ұлғайтса, оның қатесі шағын көлемге дейін азаяды.

9. Статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі пайдаланылады.

10. Іріктемелі және бас жиынтық сипаттамалары арасындағы ықтимал айырмашылық іріктеменің стандартты (орташа) қатесімен, әр страта бойынша мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\mu = \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)}, \quad (1)$$

мұндағы:

μ - стандартты (орташа) қате;

σ^2 - бас дисперсия;

n - іріктемелі жиынтық көлемі;

N - бас жиынтықтың көлемі.

Бас дисперсиясы олардың орташа мәнінен барлық жеке байқаулардың ауытқулары квадратының орташа мәні ретінде анықталады.

Іріктеменің стандартты қатесінің үлесі мына формула бойынша анықталады:

$$\mu_g = \sqrt{\frac{w(1-w)}{n} \left(1 - \frac{n}{N}\right)}, \quad (2)$$

мұндағы:

μ_g - іріктеме үлесінің стандартты қатесі;

w – іріктемелі жиынтықтағы үлесі.

11. Бас жиынтықта параметр мәнінен іріктемелі бағалау қанша пайызға ауытқығанын анықтау үшін іріктеменің салыстырмалы стандартты қатесі пайдаланылады, ол әр страта бойынша мынадай формула бойынша есептеледі:

$$RSE = \frac{\mu}{\bar{x}} \times 100\% \quad (3)$$

мұндағы,

RSE - іріктеменің салыстырмалы стандартты қатесі;

μ - іріктеменің стандартты (орташа) қатесі;

\bar{x} - салыстырмалы стандартты қатенің шамасын бағалау үшін пайдаланылған ауыспалының орташа мәні.

3-тарау. Іріктемелі жиынтықты қалыптастыру алгоритмі

12. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы іріктеменің әр қалыптастырудың әрбір сатысындағы кездейсоқ стратификациялау және іріктеу рәсімдерін қолдана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен қалыптасады. Стратификациялау рәсімі халық жіктелуінің аумақтық ерекшеліктерін көрсететін үй шаруашылықтарының келісті іріктемелі жиынтығын қалыптастыруға бағытталған.

13. Іріктемені қалыптастыру процесі 2 кезеңде жүргізіледі.

Бірінші кезеңде бас жиынтық қалалық және ауылдық жерлерге бөлінуді қоса алғанда аумақтық белгісі бойынша стратификацияланады. Осылайша, 31 страта қалыптастырылады – елдің он жеті өңіріндегі қалалық және ауылдық жерлердің үй шаруашылықтарынынан тұрады.

14. Іріктемені қалыптастыру 2 жүйелі рәсімді қамтиды. Бастапқы рәсім әрбір страта ішінде алғашқы іріктемелі бірліктер (бұдан әрі – АІБ) санын анықтауды қарастырады.

15. АІБ ретінде қалалық және ауылдық жерлерді білдіретін аумақтық бірліктер іріктеп алынады.

16. Одан әрі АІБ белгілі саны және әрбір АІБ-дегі үй шаруашылықтарына іріктеу жүзеге асырылады.

17. Қалаларда АІБ нақты іріктеуді жүргізу кезінде ТҚСТ-да жекелеген ірі қалаларды шағын аумақтық бірліктерге бөлу жоқ екендігін ескеру қажет.

18. Стратада АІБ-ні таңдаудың ықтималдығы мынадай формула бойынша анықталады:

$$p_{hi} = \frac{n_{hi}}{N_h} \quad (4)$$

мұндағы,

p_{hi} - i -дағы АІБ h стратасында іріктеу ықтималдығы;

n_{hi} - i -дағы АІБ h стратасында таңдап алынған үй шаруашылықтарының саны;

N_h - i -дағы АІБ h стратасында үй шаруашылықтарының жалпы саны.

19. Келесі рәсім әрбір 31 страта бойынша салыстырмалы стандартты қатенің ұтымды мәніне қол жеткізуге бағытталған.

Салыстырмалы стандартты қатенің шамасын бағалау үшін ауыспалы мән ретінде зерттеу үшін едәуір маңызды болып саналатын көрсеткіш пайдаланылады. Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейінің зерттеуде мұндай көрсеткіштерге «құқық қорғау органдарына сенім артуға болады», «құқық қорғау органдары мүдделерді қорғай алады» және т.б. жатады.

20. Мысал ретінде осы Әдістемеге қосымшаға сәйкес 1-кесте келтірілген, «құқық қорғау органдары мүдделерді қорғай алады» көрсеткішінің дәлдігін бағалайтын сипаттама. Жүргізілген есептеулерге сәйкес іріктеменің ССҚ-ның шамасы ел бойынша 1%-дан, ал өңірлер бойынша 5%-дан аспайды.

21. Іріктемені қалыптастырудың екінші кезеңінде әрбір АІБ-да кездейсоқ іріктеп алумен өңірге байланысты әр кластердегі үй шаруашылықтарының саны таңдап алынады. Екінші кезеңдегі іріктемені қалыптастырудың негізі АІБ-дағы жекелеген тұрғын үй-жай тізбесі болып табылады. Зерттеу барысында баруға тиісті тұрғын үй-жай кластері (немесе кластерлері) АІБ-да қолайлы тұрғын үй-жайлар санынан тепе-тең ықтималдықпен таңдап алынады.

22. Страта АІБ-да үй шаруашылығын таңдау ықтималдығы мынадай формуламен анықталады:

$$p_{hij} = \frac{m_{hi}}{n_{hi}} \quad (5)$$

мұндағы,

p_{hij} - j -дағы үй шаруашылығының i -дағы АІБ h стратасында таңдау ықтималдығы;

m_{hi} - i -дағы АІБ h стратасында қажетті тұрғын үй саны;

n_{hi} - i -дағы АІБ h стратасында қолайлы тұрғын үйлердің жалпы саны.

23. Әрбір іріктеп алынған тұрғын үйге бір үй шаруашылығын сыйғызады. Егер сол тұрғын үйде бір үй шаруашылығынан көп үй шаруашылығы болса, онда кездейсоқ әдіспен оның біреуі таңдап алынады. Егер

тұрғын жай бос болса, онда «Іріктеменің ығысуы» бөлімінде сипатталған әдісті қолдану қажет.

4-тарау. Іріктеменің ығысуы

24. Зерттеу барысында іріктеп алынған тұрғын үй табылмауына, үй-жайдың нысаналы мақсаты өзгеруіне, оған адам қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін. Көрсетілген жағдайлар іріктеменің көлемін қысқартады және іріктеменің ықтимал ығысуының көзі болып табылады.

25. Деректерді алмау проблемасын еңсерудің тиімді профилактикасы әрбір жағдайды құжаттау болып табылады.

26. «Ауыстыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындық туындаған жағдайда, резервтік үй шаруашылықтарының тізімін алдын ала қарастыру тиіс.

27. Резервтік үй шаруашылығы тізімінен іріктеу жақын орналасқан үй шаруашылығын анықтау арқылы жүзеге асырылады. 24-тармақта көрсетілген себептер бойынша сауал салуға қатыса алмайтын үй шаруашылықтарына жақын орналасқан үй шаруашылықтары ауыстыру үшін таңдалады.

5-тарау. Зерттеудің ұйымдық құрылымы

28. Зерттеу халыққа сауал салу және құралға (сұрақнамаларға) мәліметтерді жазу жолымен жүзеге асырылады. Халыққа сауал салу арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

29. Есептілікті жинау мерзімін ескере отырып супервайзер жасаған маршрутқа сәйкес интервьюер сауал салуды жүргізеді және интервьюерге орындау үшін беріледі. Интервьюер маршрутта нақты барған күндерді қояды және сауал салу аяқталғаннан кейін супервайзерге талдау және бақылау үшін ұсынады. Супервайзер оның орындалуына үнемі бақылау жүргізеді.

30. Интервьюер зерттеуді жүргізу шеңберінде:

1) арнайы нұсқамадан өтеді, зерттеуді ұйымдастыру мен өткізудің барлық сұрақтары бойынша ақпаратты зерделейді;

2) супервайзер дайындаған тізімге сәйкес үй шаруашылықтарының мекенжайларын сәйкестендіреді (айқындайды);

3) респонденттер арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді және оларды зерттеуге қатысуға тартады;

4) баратын күндерді алдын-ала белгілейді (қажет болған жағдайда белгілі бір күндері келу мүмкіндігі туралы үй шаруашылықтарының өзімен

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

келісу бойынша интервьюер бару күндерін белгілейді) және алдын ала тиісті түрде сауал салуға дайындалады;

- 5) сауал салуға келісім алу үшін респондентпен байланыс орнатады;
- 6) жедел, сапалы және жоспарланған мерзімде үй шаруашылықтарында сауал салу жүргізеді;
- 7) респонденттерге консультациялық көмек көрсетеді;
- 8) респонденттерден алынған ақпаратқа арифметикалық-логикалық бақылау жүргізеді, деректердің кодтауын жүзеге асырады;
- 9) супервайзерді зерттеудің барысы және үй шаруашылықтарымен сауал салу нәтижелері туралы хабардар етеді; зерттеу кезінде туындайтын жауап бермеу оқиғалары (бас тартулары) туралы тез арада хабарлайды;
- 10) супервайзерге толтырылған және өңделген статистикалық нысандарды өткізеді. Дәрекі қателіктер табылған жағдайда интервьюер қажетті деректерді нақтылау үшін үй шаруашылығына қосымша қайта барады және бару нәтижелері туралы супервайзерге хабарлайды.

31. Супервайзер зерттеуді жүргізу шеңберінде:

- 1) бекітілген зерттеу учаскелерінде сауал салуды жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыруға тікелей жауап береді;
- 2) интервьюерлерге оқыту жүргізеді, әрбір құқық қорғау органы қызметінің ерешеліктерін түсіндіреді;
- 3) іріктемеге түскен үй шаруашылықтарының мекенжайларын интервьюермен бірге сол жерлерде сәйкестендіреді (айқындайды);
- 4) интервьюерлерге зерттеу материалдарын (статистикалық нысандар, статистикалық нысандарды толтыру жөніндегі нұсқаулықтар) бөліп береді және сол материалдарды қатаң есепке алуды жүргізеді;
- 5) толтырылған статистикалық нысандарды қабылдайды және тексереді;
- 6) деректердің кодталуын тексереді;
- 7) көрсеткіштер арасындағы логикалық байланыстарды тексереді;
- 8) интервьюерлермен бірге деректерді толтыру, кодтау және жинақтау қателерін анықтайды;
- 9) әрбір интервьюер бойынша зерттеу нәтижелерін жеке талдайды;
- 10) зерттеу учаскесі бойынша интервьюердің жұмысына, сондай-ақ бақылау сұхбатын жүргізуіне бақылауды жүзеге асырады;
- 11) интервьюерлердің одан әрі оқуына ықпал етеді, егер қажет болған жағдайда бірлесіп сұхбат жүргізу үшін сол орындарға барады;
- 12) неғұрлым жиі кездесетін мәселерді анықтайды және оларды жою туралы ұсыныстарды айтады.

32. Алғашқы статистикалық деректерді енгізу және өңдеу өңірлік деңгейде, жиынтық деректерді өңдеу, статистикалық байқау нәтижелері бойынша ұйғарынды ақпаратты бақылау және қалыптастыру – орталық деңгейде іске асырылады.

33. Респонденттерден түскен ақпараттың сапасын бағалау үшін статистикалық нысанның әрбір тарауының ішінде логикалық бақылау жүйесі құрылған.

6-тарау. Статистикалық бақылау құралы

34. Статистикалық байқауды жүргізу кезінде мынадай статистикалық құрал пайдаланылады:

зерттеудің статистикалық нысаны;

статистикалық нысанды толтыру жөніндегі нұсқаулық.

35. Зерттеудің статистикалық нысаны мынадай бөлімдерден тұрады:

респондент туралы мәліметтер;

өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыстылық деңгейін субъективті бағалау;

құқық қорғау органдарына сенімділік дәрежесі;

құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер.

36. Іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде 15 жастан асқан үй шаруашылығының бір мүшесі ғана сұралады.

Үй шаруашылығында біреуден көп респонденттер тұрған жағдайда сауал салу үшін респонденті іріктеу «ең жақын туған күн» әдісімен жүзеге асырылады (туған күні ең жақын кезеңде болатын үй шаруашылығының мүшесі таңдалады).

7-тарау. Зерттеу қорытындыларын бас жинтыққа тарату

37. Зерттеудің іріктемелі деректерін тарату зерттеудің әрбір жеке бірлігіне тиісті дара салмақты меншіктеуге негізделген.

Ол үшін жыныстық-жастық және өңірлік сипаттамаларды есепке ала отырып стратификацияланған (сауал салынған адамдардың саны) зерттеу деректерін осындай сипаттамалар бойынша стратификацияланған халық санының бас жиынтығымен салыстыру жүзеге асырылады.

38. Бейімделу (салмағы) фактордың септеу формуласы келесі түрде анықталады:

$$V_g = W_g \times N / N_g \quad (6)$$

мұндағы,

V_g - g белгісі бойынша салмағы;

W_g - g сипаттамасымен бас жиынтықтағы халықтың үлесі;

N - сұралғандардың жалпы саны,

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

N_g - g сипаттамасымен сұралғандардың саны.

39. Зерттеу қорытындыларын бас жинтыққа тарату мақсатында ең алдымен негізгі салмақ K_1 анықталады. Іріктеме бірлігінің негізгі салмағы іріктемеге қосу үшін оны іріктеу ықтималдылығының кері шамасы болып табылады.

40. Одан әрі зерттелетін үй шаруашылықтарындағы халықтың санын мынадай формуламен анықтау қажет:

$$S_1 = S_2 \cdot K_1 \quad (7)$$

мұндағы,

S_1 - зерттелетін үй шаруашылықтарындағы халықтың саны;

S_2 - нақты сауал салынған үй шаруашылықтарындағы халықтың саны;

K_1 - негізгі салмақ.

41. Іріктемелі зерттеу нәтижелерін бас жинтыққа тарату бейімделу факторы (салмағы) арқылы іске асырылады.

Салмақтау рәсімі жынысы және жасы бойынша бөлінісінде өңірлік қабаттардың ішінде бас ретінде қолданылатын қалыптасқан жиынтық бойынша халықтың құрылымы туралы деректер негізінде жүргізіледі. Әрбір респондент үшін бейімделу факторларының (салмағы) жүйелері келесі белгілер:

аумақтық (аудандық) құрылым;

жергілікті жер түрі;

жынысы (ерлер мен әйелдер);

жас топтары (15–19 жас; 20–24 жас; 25–29 жас; 30–34 жас; 35–39 жас; 40–44 жас; 45–49 жас; 50–54 жас; 55–59 жас; 60 және одан да жоғары).

42. Жеке негізгі салмақты өлшеу үшін бейімделу факторын есептеудің мынадай формуласы пайдаланылады:

$$K_{2k} = S_k / S_{1k} \quad (8)$$

мұндағы,

K_{2k} - бейімделу факторы;

S_k - бас жиынтық бойынша халық саны (есепті жылға халық санының орташа жылдық деректері);

S_{1k} - зерттелетін үй шаруашылықтарындағы халықтың саны;

k - фактор есептелетін тұлғаның жинақтың сипаттамасына қарай ерекше белгісі.

43. Түпкілікті жеке салмақ (немесе экстраполяция коэффициенті) негізгі салмақ пен бейімделу факторларының көбейтіндісі болып табылады.

$$K = K_1 \times K_{2k} \quad (9)$$

мұндағы,

K - жеке салмақ (экстраполяция коэффициенті);

K_1 - негізгі салмақ;

K_{2k} - бейімделу факторы.

44. Қосымша өзгермелі ретіндегі есептелген жеке салмақтар әрбір сұралған респондент бойынша жеке деректер қорына жазылады және республикалық, облыстық, аудандық деңгейлерге тиісті кезең бойынша жиынтық қорытындыларды қалыптастыру кезінде пайдаланылады.

8-тарау. Алынған нәтижелерді тарату және жариялау

45. Зерттеу қорытындылары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, жергілікті жердің типі, жынысы, жасы, ұлты, білім деңгейі, отбасылық жағдайы, жұмыспен қамтылу мәртебесі бойынша қалыптастырылады.

46. Іріктемелі зерттеу нәтижелері бойынша ұйғарынды ақпарат, Комитеттің ресми интернет-ресурсында бюллетень түрінде орналастырылады.

Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістемеге қосымша

1-кесте. «Құқық қорғау органдары мүдделерді қорғай алады» көрсеткішінің дәлдігін бағалау сипаттамасы

Өңірлер	Стандартты қате	Салыстырмалы стандартты қате
Ақмола	0,011	0,98%
Ақтөбе	0,014	1,18%
Алматы	0,007	0,67%
Атырау	0,008	0,73%
Батыс Қазақстан	0,013	1,13%
Жамбыл	0,010	0,91%
Қарағанды	0,008	0,69%
Қостанай	0,011	0,96%
Қызылорда	0,009	0,86%
Манғыстау	0,013	1,19%
Павлодар	0,011	0,92%
Солтүстік Қазақстан	0,011	1,01%
Түркістан	0,009	0,78%
Шығыс Қазақстан	0,008	0,71%
Нұр-Сұлтан қаласы	0,006	0,61%
Алматы қаласы	0,010	0,89%
Шымкент қаласы	0,010	0,93%
Қазақстан Республикасы	0,002	0,21%

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 13.12.2019
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

Результаты согласования

Министерство национальной экономики РК - Руководитель Баглан Дуйсебаевна Кабулова, 04.11.2019 16:20:02, положительный результат проверки ЭЦП
 Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба) - Председатель Алик Жаткамбаевич Шпекбаев, 12.11.2019 18:14:19, положительный результат проверки ЭЦП

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 19732 болып енгізілді

Министерство внутренних дел РК - Министр внутренних дел Республики Казахстан Ерлан Заманбекович Тургумбаев, 13.11.2019 16:18:31, положительный результат проверки ЭЦП
Генеральная прокуратура РК - первый заместитель Генерального Прокурора Берік Ноғайұлы Асыллов, 15.11.2019 11:18:37, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство финансов РК - вице-министр Канат Ескендиорович Баедилов, 26.11.2019 15:12:35, положительный результат проверки ЭЦП
Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 09.12.2019 11:44:25, положительный результат проверки ЭЦП
Результаты подписания
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті - Н. Айдапкелов, 10.12.2019 12:35:14, положительный результат проверки ЭЦП